

## **Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы**

Атырау облысы Жылыой аудандық әкімиятының 2009 жылғы 5 қазандағы N 315 қаулысы. Жылыой аудандық әділет департаментінде 2009 жылғы 9 қазанда N 4-2-125 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 "Белгіленген әскери мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" қаулысына сәйкес әскерге шақырылушыларды кезекті әскерге шақыру және облыстық жинақтау пунктіне жөнелту, кезекті аудандық шақыру пунктін сапалы және уақытында қамтамасыз ету мақсатында аудандық әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылдың қазан-желтоқсан айларында Жылыой ауданы аумағында шақыру күніне 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылу немесе шақыру мерзімін кейінге қалдыру құқығы жоқ ер азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметке шақыру мерзімін кейінге қалдыру құқығынан айырылған 27 жасқа дейінгі ересек жастағы азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына, басқа да әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру және жіберу ұйымдастырылсын.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Ұйымдар, мекемелер басшыларына Атырау облысы Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі қарамағына 2-қосымшаға сәйкес техникалық қызметшілер бөлу ұсынылсын.

4. Поселке және селолық округ әкімдері әскерге шақырылушыларды аудандық шақыру комиссиясынан өтулері және қосымша тексеру үшін дәрігерлік мекемелерге тұрғылықты жерінен Атырау облысы Жылыой аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге және кері қарай тұрғылықты жеріне дейін жеткізуді 3-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін.

5. Атырау облысы денсаулық сақтау департаментінің Жылыой аудандық орталық

ауруханасына (келісім бойынша):

1) әскерге шақырылушылардың қан және зәр құрамын айыруды, кеудеоргандарын рентгенологиялық зерттеу, жүрек соғысын бақылау (ЭКГ-электрокардиограмма) жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі (ЖҚТБ) және мерез ауруларына тексеру үшін емдеу профилактикалық мекемелерден қажетті мөлшерде орын бөлу;

2) денсаулығына байланысты әскерге шақырылу мерзімі кейінге қалдырылған дәмкес жастарды емдеу-сауықтыру шараларын өткізуді ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Мекемелер басшыларына Атырау облысы, Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне кезекші көліктер бөлу 4-қосымшаға сәйкес ұсынылсын.

7. Атырау облысының ішкі істер департаменті Жылыой ауданының ішкі істер бөліміне (Н. Оразбаев) (келісім бойынша) Атырау облысы, Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен бірлесіп (келісім бойынша):

1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде Атырау облысы, Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліммен бірге шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету;

2) әскерге шақыру комиссияларына белгіленген мерзімде келмеген адамдарды жедел іздестіріп тауып, Атырау облысы, Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жеткізу;

3) Атырау облысы Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің жинақтаушы пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін полицияның күшейтілген нарядын бөліп, командаларды көлікке отырғызып жіберу, сонымен бірге шақырылушылар колоннасын (шақырылушылар санына қарамастан) жол полиция басқармасы нарядымен бастап шығарып салу ұсынылсын.

8. Жылыой ауданы қаржы бөлімі 2009 жылғы бекітілген бюджетке сәйкес азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруға және облыстық жинақтау пунктіне жөнелтуге байланысты шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

9. Жылыой аудандық әкімиятының 2008 жылғы 2 қыркүйектегі № 228 "Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы" қаулысының (Жылыой аудандық әділет басқармасында 2008 жылы 23 қыркүйектегі № 4-2-97 мемлекеттік тіркеу санымен тіркелген, "Кең Жылой" газетінде 2008 жылы 16 қазанда № 42 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Сағиевке жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Нұғманов*

Келісілді:

Атырау облысы ішкі істер

Атырау облысы денсаулық сақтау

департаменті Жылыой ауданының департаментінің Жылыой аудандық  
ішкі істер бөлімінің бастығы орталық ауруханасының бас дәрігері  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж.  
\_\_\_\_\_ Н. Оразбаев \_\_\_\_\_ Т. Қыдырбаев

Атырау облысы Жылыой ауданының Атырау облысының ішкі істер  
қорғаныс істері жөніндегі бөлім департаменті Жылыой ауданының  
бастығы ішкі істер бөлімі бастығының  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж. орынбасары  
\_\_\_\_\_ Д. Тілеуов "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж.  
\_\_\_\_\_ А. Минтаев

Жылыой аудандық емханасының Жылыой аудандық емханасының  
жасөспірімдер дәрігері мейірбикесі  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж.  
\_\_\_\_\_ Б. Тасымбаева \_\_\_\_\_ Ж. Мұсылманова

"Қазақстан теміржолы Ұлттық "ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру"  
Компаниясы" акционерлік қоғамы акционерлік қоғамының  
Құлсары жол дистанциясы филиалының "Жылыоймұнайгаз" мұнай газ  
бастығы өндіру басқармасының бастығы  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж.  
\_\_\_\_\_ Б. Тайбеков \_\_\_\_\_ А. Ғабдуллин

"КазТрансОйл" акционерлік қоғамының Құлсары жүйелі газ өндіру  
"Құлсары мұнай құбырлары" басқармасының бастығы  
басқармасының бастығы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж.  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2009ж. \_\_\_\_\_ М. Аташев  
\_\_\_\_\_ А. Бешімов

Жылыой аудандық әкімиятының  
2009 жылғы 5 қазандағы  
№ 315 қаулысына 1-қосымша

**Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі  
аудандық әскери шақыру комиссиясының құрамы**

Тілеуов Дастан Құбашұлы - Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының уақытша міндетін атқарушы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Сағиев Мажит Сағиұлы - Жылыой ауданы әкімінің орынбасары, аудандық шақыру комиссиясы төрағасының орынбасары;

Мұсылманова Жәмила Нағметұллақызы - Жылыой аудандық емханасының мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша);

Комиссия мүшелері:

Минтаев Азат Спатайұлы - Атырау облысының ішкі істер департаменті Жылыой ауданының ішкі істер бөлімі

бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Тасымбаева Баян - Жылыой аудандық емханасының Тасымбайқызы жасөспірімдер дәрігері (келісім бойынша).

Жылыой аудандық әкімиятының 2009 жылғы 5 қазандағы

№ 315 қаулысына 2-қосымша

### **Атырау облысы Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қарамағына бөлінетін техникалық қызметкерлер**

Р/с	Мекеменің аты	Бөлу мерзімі	Қызметкерлер
1	Жылыой ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	10 қазан желтоқсан	31 10
2	"Қазақстан Темір жолы Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Құлсары жол дистанциясы филиалы (келісім бойынша)	10 қазан желтоқсан	31 1
3	"Қазақстан Темір жолы Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының Құлсары сигнализация және байланыс дистанциясы" филиалы (келісім бойынша)	10 қазан желтоқсан	31 қазан 1
4	"Бақай" корпорациясы (келісім бойынша)	10 қазан желтоқсан	31 1

Қазақстан Республикасы "Әскери міндеттілік және әскери қызмет" туралы Заңының 44-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық қызметкерлердің Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде өз міндеттерін атқарған уақыттарында, олардың жұмыс орны мен орташа айлық жалақысы сақталады.

Жылыой аудандық әкімиятының 2009 жылғы 5 қазандағы

№ 315 қаулысына 3-қосымша

## 2009 жылғы күзгі әскер қатарына шақырылушылардың дәрігерлік комиссиядан өту КЕСТЕСІ

№ Р/С	Поселкелік, селолық аймақтардың атаулары	Комиссиядан өту күндері
		қазан - желтоқсан
1	Жаңа-Қаратон	19, 27, 4, 12, 20, 1, 9, 18, 28
2	Қара-Арна	12, 20, 28, 5, 13, 23, 2, 10, 21, 29
3	Қосшағыл	13, 21, 29, 6, 16, 24, 3, 11, 22, 30
4	Жем	14, 22, 30, 9, 17, 25, 4, 14, 23, 31
5	Ақкиізтоғай	15, 23, 2, 10, 18, 26, 7, 15, 24
6	Майкөмген	16, 26, 3, 11, 19, 30, 8, 17, 25
7	Құлсары	қазан – 31 желтоқсан

Күнделікті комиссия өтетін күндері:

Қазан - 12, 13, 14, 15, 16, 19, 20, 21, 22, 23, 26, 27, 28, 29, 30 Қараша - 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 19, 20, 23, 24, 25, 26, 30

Желтоқсан - 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31

Жылыой аудандық әкімиятының

2009 жылғы 5 қазандағы

№ 315 қаулысына 4-қосымша

## Мекемелерге кезекші көліктерді бөлу кестесі

Р/с	Мекемелердің аттары	Кезекші көлік беру	мерзімдері
1	"КазТрансОйл" акционерлік қоғамының "Құлсары мұнай құбырлары" басқармасы / келісім бойынша/		10 қазан 16 қазан
2	"Kaz Petro Trans" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі /келісім бойынша/		19 қазан 30 қараша
3	"Бақай" корпорациясы /келісім бойынша/		19 қазан 30 қараша
4	"ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру" акционерлік қоғамының "Жылыоймұнайгаз" мұнай газ өндіру басқармасы /келісім бойынша/		2 қараша 13 қараша
5	Құлсары жүйелі газ өндіру басқармасы /келісім бойынша/		2 қараша 13 қараша
6	"СұңқарЛТДЖылыой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі /келісім бойынша/		16 қараша 30 қараша
7	"Рип-газ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі /келісім бойынша/		16 қараша 30 қараша
8	"Нефтестройсервис ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі /келісім бойынша/		1 желтоқсан 15 желтоқсан
9	"Интер Таско" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі /келісім бойынша/		17 желтоқсан 31 желтоқсан

Ескерту. Кезекші көліктер кезекшілік ету күндерінде таңертеңгі сағат 8<sup>30</sup>-да толық жанар-жағар майымен Атырау облысы Жылыой ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде болуы шарт.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК